

«Асыл-ана»

8-наурыз халықаралық аналар мерекесі

**Күншуақ ересек тобы
Тәрбиеші: Д.Қалдиева**

2023-2024 жыл

«Асыл Ана»

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды, әжелерді, қыздарды мерекемен құттықтау.

Міндеттері:

- Балаларға музыка ырғағымен ана туралы әндерді, музыкалық қимыл қозғалыстарды дұрыс орындауға үйрету.
- Мерекелік көңіл-күйін құру, ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру.
- Аналарды, әжелерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Ертеңгілік барысы:

Балалар музыкамен залға кіріп шеңбер жасайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме қымбатты балалар, құрметті әріптестер, сіздерді біздің ертеңгілігімізді көруге шақырамыз. Балалар, қараңдаршы залымыз қандай әдемі болып қалды. Күн сендерді көріп қуанып қалды, қатты жарқырай бастады. Өздерің өте әдемісіңдер ғой. Қалай ойлайсыңдар, бүгін қандай мереке ?

Балалар: Аналар мерекесі.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар ! Ия бүгін аналар мерекесі. Ал қазір мерекемізді бастайық ! Аналарымызды құттықтайық

Армысың ару қыздар, абзал ана,
Анаға тең келетін бар ма дана
Мерекең бүгінгі күн құтты болсын,
Қуанышпен құшағың гүлге толсын !
Сіздер – Күнсіз, аспанда жарқыраған,
Сіздер – өзен, тау суы сарқыраған,
Сіздер – жаңбыр, ақ нөсер сарқыраған
Қуанышқа бөлейікші өздерін

Мұң шалмасын күлім қаққан көздерін, дей отырып « Асыл Ана » атты мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ендеше құрметті ата аналар «Күншуақ» тобының балапандарының мерекелік қойылымдарын қабыл алыңыздар.

Жүргізуші : Ерте,ерте-ертеде, бір патшалықта- Хан мен оның қызы Күлмес ханша қыз өмір сүріпті.Хан әкесі қызының көңіл-күйін қанша көтермекші болса да,ештеңе көмектеспепті.Таң атып,күн батқанша көз жасы тиылмай жылай береді екен.Зәулім хан сарайына Ханшайымның көңілін жадырату үшін,кімді шақырмаса ешқандай сыңғырлаған күлкінің дауысы естілмеді. Осы балабақшасының бүлдіршіндері мерекені көңілді тойлап,ән шырқап,мың бұралып би билеп ,түрлі қызықтыойынды ойнайтынын естіген Хан бізге келіп бізге келіп,көмек сұрамақшы екен ?Күлмес ханшаның көңіл күйін көтере аламыз ба ? Өздері де келе жатқан сияқты.ХАН мен қызы Ханшайымды қарсы алайық!

(Әуен ойналып Хан мен ханшайым келеді)

Хан: 5 жыл болды ел басқардым, Дұшпан- жауды жер қылдым,Жолымдағы келсапты, Саспай-аспай жеңдім мен,Кімде-кімнің қолынан келсе егер бұл уәжім? Үлкен сыйлық күтуде! Біздің сарайда қызымның көңілі үшін баршаңызды отыз күн ойынға , қырық күн тойына шақырамыз! Жүздеріңізден күлкі кетпесін!

Күлмес Ханша:

Көтеріңкі көңіл –күй,

Сыйлаңыздар әрине.

Той-дұманда барлық үй,

Ат салыссын бәріне.

Өлең айтып, би-биле,

Ойын ойнап көңілді.

Әзіл айтып тамаша,

Өткізейік бүгінде.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме,армысыздар қонақтар.Мүмкін біздің балалардың қолынан келіп қалар ханшайымның көңілін табу»

Күлмес ханша: Қолдарынан келсе, күлдіріп көріңдерші,менің достарым!

Жүргізуші: Қараңызшы Күлмес Ханша, біздің балаларымыз қандай сәнқой, заманауи, стильді де әдемі киінген.

Көңілді би : Дискотека (Алихан-Ақбикеш, Ерасыл-Жанерке,Илияс-Раяна,Шадияр- Мариям)

Ханша : Рахмет балақайлар ! Біздің ортамызда осылай құлпырып жүре беріңдер, бірақ менің неге күлкім келмейді?

(Хан рахаттанып күліп аладыда,қайта мұңайып).

Жүргізуші: Ендеше аналарымызға арналған балалардың тақпақ,әндерін қабыл алыңыздар :

Тақпақтар :

Шадияр ән : Мамми, Мамми .

Хан: Мм, болмады, қызыма ұнамады! Енді не істеуге болады?Бүгін әже-аналарымыздың мейрамы ғой.Әжелерімізге арналған өлең жолдарын айтып берейік.

Ән : « Менің әжем дара » (Мариям,Ақбикеш,Жанерке)

Би : Хрустальный вальс : Серікболсын- Нұршат, Алихан-Ақбикеш, Арсен-Аруай, Шадияр – Мариям.

Жүргізуші : Құрметті аналар біздің балалар аналарының керемет көмекшілер екенін көрініс арқылы көрсетеді, қабыл алыңыздар :

Анамыздың көмекшілері : Аруай,Алихан,Нұршат,және топ балдар.

Ән : Хор « Апатайым анашым »

Хан :Қызым, ал енді неге жылайсың? Тоқтат енді көз жасыңды!

Бұйырамын саған.Саған балалардың өнері ұнамады ма?

Ханша: Жо-жоқ балалардың өнері тамаша екен.Бірақ өте шулы,қатты айтты.Менің мазамды алды.

Ән : Ана деп ән салам. (Айару)

Жүргізуші : Балалар, қараңдаршы, көктемнің жайнаған гүлдері қандай әдемі? Міне осы гүл сияқты ғой,біздің асыл Аналарымыз! Солай емеспе ?.

Ойын : Музыка әуенімен гүлдерді жинау:
(Д.Алихан,Ғазиз,Жанерке,Серікболсын,Мариям)

Аналарға сыйлық беру рәсімі.

Барлық жақсылықты себетін де аналар

Не деген құдірет едіңіздер, аналарым,

Ана – дейміз бәрімізде аңқылдап,

Ана—дейді жас сәби де жарқылдап.

Ана деген бәйтерегі өмірдің,

Ана деген қазық алтын бақ.

Ана деген бәйтерегі өмірдің,

Ана деген қуанышы көңілдің.

Ана деген әрбір үйдің жылуы,

Ана деген гүлі туған өмірдің.

Барша ана құтты болсын мерекеңіз.Әрқашанда ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтінді, асыл анам, дей отырып , ертеңгілігімізді аяқтауға рұқсат
етіңіздер.

Қандай бала болмайық,

Анамызға балдаймыз,

Көтерейікші көңілін

Ән айтайық бәріміз.

Ән : « Апатайым анашым»

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы мынау кім?

Осы кезде музыка ойнайды, залға балапан кіреді.

Жүргізуші: Міне ,балапан да келіп қалды.

Балапан: Пи-пи-пи, сәлеметсіңдер ме балалар ! Мен балапанмын, менің атым Шөже.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Шөжетай.

Балалар: Сәлеметсің бе.

Мен балабақшаның қасынан өтіп, әсем әнді естіп қойдым. Сендерде мереке болып жатыр ма ?

Жүргізуші: Ия. Бізде бүгін аналар мерекесі болып жатыр.

Балапан: Ал сендермен мерекені өткізуге бола ма? Өтінем! Мен сендермен ән айтып, би билегім келеді.

Жүргізуші: Әрине қал Шөжетай.

Балапан: Рахмет !

Мен балапан, балапан,

Кел билейік балақан.

Қолымызға гүл алып,

Би билейік шадыман.

Жүргізуші : Балалар балапанға би билеп береміз бе ? Қане балапан би билейік бірге.

Би : « Қызыл Раушан »

Жүргізуші: Көрдің бе балапан, балалар жақсы билей алады.

Біздің балаларымыз саған сыйлық сыйлайды.

Ойын : «Гүлдерді жина»

Ойын шарты: жерге гүлдер шашылады. Музыкамен балалар гүлдерді жинайды, екі ыдысқа салады.

(Жүргізуші ыдыстағы гүлді Балапанға сыйлайды.)

Балапан: Рахмет сендерге, балалар! Гүлдерің өте әдемі. Менде барып осы гүлдерді анама сыйлаймын. Сау болыңдар !

Жүргізуші : Саубол, балапан. Ал біз мерекені жалғастырайық, анамызға ән айтайық.

Ән-би : « Менің әжем дара » (Мәриям, Ақбикеш, Жанерке)

Жүргізуші : Балалар біз үйде анамызға, әпкемізге көмек береміз бе ?

Ендеше балалардың 8- наурызға, аналарына көмектесу көрінісін қабыл алыңыздар.

8 – Наурыз мерекесіне көрініс.

Жүргізуші : Балалар, мерекеміз өте көңілді болып жатыр, аналарымызда көңілді, қонақтар да көңілді,

Ендеше ұлдарымыздың көңілді биімен кешімізді аяқтасак,

Көңілді би : Дискотека биі .

Жүргізуші : Құрметті аналар, Ақ жаулықты әжелер, Сіздерге зор денсаулық мол бақыт тілейміз. Келгендеріңізге көп-көп рахмет, тағы да мерекелеріңізбен құттықтап келесі кездескенше сау болыңыздар дейміз !